

АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР
ІІІ том

Алматы
«Қазақ университеті»
2015

ӨОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

А 13

*Баспаға өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология,
өдебиеттану және өлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі және
Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған*

(№6 хаттама 26 маусым 2015 жыл)

*Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (төраға), Ө. Әбдиманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков,

А. Жақсылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов, Ө. Тарақ,
А. Темірболатова, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (хатшылар тобының
жетекшісі), И. Әзімбаева (жауапты хатшы), Ө. Жапарова (хатшы)

Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Қ.Қ. Мәдібаева**

Жалпы редакциясын басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ж. Дәдебаев**

Құрастырып, түсініктерін жазғандар:

П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нүрәділ

Жауапты редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ө. Әбдиманұлы**

А 13 Абайтану. Таңдамалы еңбектер. III том. Ойлар мен толғаныстар /
құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нүр-
әділ; жауапты ред. Ө. Тарақ; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Ал-
маты: Қазақ университеті, 2015. – 272 б.

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортақ)

ISBN 978-601-04-1284-2 (III том)

Абайтану ғылымы бойынша жарық көріп отырған таңдамалы еңбектер басылымы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Абай туралы сөз» толғауымен ашылған. Үшінші томға абайтану саласында 1960 жылдан 1980 жылға дейін жарық көрген, уақыт сынынан өткен, ғылыми қауым мен көпшіліктен лайықты бағасын алған зерттеулер мен мақалалардың таңдамалылары енген. Кітап орта мектептің жоғары сынып оқушылары мен жоғары мектепте білім алушы жастарға, ғылым мен білім, мәдениет мамандарына, мемлекет қызметкерлеріне, сондай-ақ қалың көпшілікке арналған.

III томға енген таңдамалы еңбектер елдің ынтымағы мен бірлігінің нығаюына, интеллектуалдық өлеуетінің артуына, қоғамдық сананың дамуына ықпал етеді. Том «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

ӨОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортақ)

ISBN 978-601-04-1284-2 (III том)

© Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы

Абай ғылыми-зерттеу институты, 2015

АБАЙ – САТИРИК

Абай Құнанбаев сатирасын жазылу түрі, формасы жағынан үш топқа жіктеуге болады. Оның бір тобы – тұрмыстық эпиграммалар. Бұлар өзінің құрбы-құрдас, жора-жолдас, қыз-кеңгелеріне арналған бір қақпайлар түрінде келеді. Оларда ақын өз замандастарының бойындағы жеке мін-кемшіліктерді әзіл-шынын араластыра отырып сынап-шенейді, ұялтып-қызартып жөндем еткісі келеді. Жеке бастағы ұнамсыз қылық-мінезден арылтуға тырысады.

Тұрмыстық эпиграммаларында Абай ажуа еткен кемшін-міндер әр қилы, алуан сипатты. Ақын Жамантайұлы Көжекбайға арнауында оның өсекшілдігін, бірді-бірге атыстырып ел арасын бүлдіріп жүретін мінезін сықақтаған. Екі досты бір-біріне айдап салатын жаман әдетіне «Шіркінде ес болсайшы сезед деген» деп кейіген. «Өркімге өсек тасып безектеген» деген жалғыз жолда Көжекбай тұтас тұлға, бүкіл бітімімен ел алдына келіп тұра қалған. «Безектеген» – әрі ащы сөз, әрі образ шындығын ашып тұрған сөз. Осы өсекшілдігі, екіжүзділігі үшін Абай Көжекбайды «Кімнің жүгі биік болса, соған қарғып шыққан мысық»¹⁶, – деп атайды екен. Мұндайларды ел «Күнбағар», «Кімнің тарысы болса, соның тауығы» деуші еді. Ал Абай оларды өзінше теңеп, өзінше бейнелеп айтқан.

Ақын «Шәріпке», «Қара қатынға» атты эпиграммаларында мораль мәселесін қозғайды. Замандас кейбірі келіншектердің ұстамсыздығын, нәпсіқұмарлығын әзіл-шынын араластыра отырып қатты сықақтайды.

Абайдың тұрмыстық эпиграммаларының бірсыпырасы зілсіз, сынсыз әзіл болып келеді. Олардан объектіге деген ақын симпатиясы, қош көңілі сезіліп жатады. Мысалға «Қиясбайға» арнауды алып қарайықшы!

¹⁶ Әуезов М. Өр жылдар ойлары. – Алматы, 1959. – 569-б.

Сыртың аңқау, ішін қу,
Жүрген жерің күнде ду,
Кісі күлсе, саған бу,
Үстіндегі кигенің –
Киім емес, қызыл шу.
Тамағың тоқ, ойыншып
Апырай, сен неткен қу!¹⁷

Ақын бұл эпиграммасын Қиясбайды сынау-мінеу ниетімен емес, оның көңілді мінезін, күлдіргіштігін, жүрген жерін думандатып әкететін әдетін паш ету үшін жазған. Басына қауіп қара бұтты төніп келе жатса да, уайым етіп, қайғы қылмайтын қасиетіне ризалығын білдірген. Зілсіз әзіл, юморлық сипаттағы эпиграмма деген осы.

Абайдың «Назарға» атты эпиграммасы жөнінде де осыны айтуға болады.

Мынау келген Назар ма?
Ақсақалды ауыл азар ма?
Сұрағаның бір-ақ тай,
Бермейді деп сазарма!¹⁸

дегенде, бай ауылынан соғым дәмете келген Назардың тұнжырап, бейшара боп тұрысын әзіл еткен. Ақын оған «енді қайтсін байқұсай!» дегендей сезім білдіріп, Назардың рухын көтергендей болған. Осының бәрі эпиграмманы зілсіз, достық рәуіштегі әзіл-оспаққа айналдырған.

Абайдың тұрмыстық эпиграммаларының жазылу әдісі де әр қилы. Ай-тар ойды әсерлі жеткізу ниетімен ақын алуан-алуан «жүріс» жасайды. Кейде ол белгілі бір қажетсіз қылық, теріс түсінікті екінші бір болмыс-құбылыспен бірге салыстыра, жарыстыра отырып теріске шығарады.

Мысалы, Құнанбай ауылына сіңген Ғабидолла деген татар жігіті саудагерлікпен тапқан дүниесіне мастанып «мен де ақын, мен де ғалым» деп әлін білмей әлек бола беріпті. Сонда Абай оның осы қылығын былай келекелеген:

¹⁷ Бұл да сонда, 569-б.

¹⁸ Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. 2-том. – Алматы, 1960.

Жазғытұрым қыттиған бір жауқазын,
Қайдан білсін өмірдің көбін, азын.
Бәйтеректі күндейді жетемін деп,
Жылы күнге мас болып, көрсе жазын.
Күз келген соң тамырын үсік шалып,
Бетегеге жете алмай болар жазым¹⁹.

Көріп отырсыздар, осында ақын қолы жетпеске жетемін деп әлектеніп жүрген Ғабидолланы теректей боламын деп өзін-өзі қинаған жауқазынмен салыстырған. Жауқазынның жаз күніне мас болуы мен Ғабидолланың өз дүниесіне мастануын параллель еткен. Боламын деп жүргенде қажыры қайтып қартайып болған Ғабидолла тағдырын күз түсіп, үсік шалып, ақыры терек түгіл, бетегеге жете алмай қалған жауқазын тағдырымен мысалдаған, осы арқылы эпиграмма әсерлі шыққан.

Енді бірде ақын ой пікірді бейнелеп айтады. Оңған әйел ала алмай, қор болып жүрген Дүйсенқұлға арнаған шумағында Абай жас қыз алмадың дегенді «Ала жаздай көгалды бір көрмедің», тағы да күйсуден шыққан әйел алдың дегенді «Сары жұртқа қондың бір ірге аударып»²⁰ деп бейнелеп, астарлап жеткізген.

Ал енді Көжекбайдың баласы Рақым шалдың оспадар мінезін, тентектігін мінеу үшін жазған эпиграммасын оқып көрейік!

Сұлу аттың көркі – жал,
Адамзаттың көркі – мал.
Өмір сүрген кісіге
Дәулет – қызық, бала – бал.
Бал болатын бала бар,
Бал болар ма Рақым шал?
Бүйтіп берген баланды
Берген құдай өзің ал!²¹

Міне, мұны ақын әлгілерден мүлде басқа түрде жазған. Адамзаттың, сұлу аттың көркі туралы, дәулет, бала туралы

¹⁹ Бұл да сонда, 270-б.

²⁰ Ахметов З.А. Казахское стихосложение. – Алма-Ата: Издательство «Наука», 1964. – С. 308.

²¹ Белинский В.Г. Собр. соч. в трех томах. Т. I, II. – М., 1948. – С. 149.

философиялық ойларын түйіндеп ап, сонан соң Рақым шалдай жұғымсыз балаларға деген көзқарасын білдірген. Бұл эпиграммада ашу-ыза, тепсіну табы бар.

Тағы бірде Абай эпиграмманы сын объектісінің өз атынан айтқызады. Онда ажуалаған адам өзін-өзі дүрелеп жатады.

Ауру астан болғанда, дау қарындастан,
Мұқаммараз атандым бала жастан.
Мұқаммараз дейтұғын пайтан аты,
Қандай молда қойды екен аямастан,²² –

деген эпиграмма осының дәлелі. Мұнда ақын өз ауылын паналап жүрген Мұқаммараздың берекесіз жан екенін өзіне айтқызып келекелеген.

Абай сатирасының екінші саласы – сатиралық өлеңдері. Бұл топтағы туындыларында ол саяси-әлеуметтік мәселелерді қозғайды.

Н.А. Добролюбов буржуазиялық қоғамда дерттің көбі, жеке адамдардың азғындауы объективтік себептерден, қоғамдық құрылыстың, тәртіптің кесірінен болады деген. Сондықтан орыстың классикалық сатирасы өз заманындағы мол кесір-кесапаттың, субъективтік себептерінен гөрі, объективтік себептеріне, яғни қоғамдық қайшылықтарға көбірек шүйілді. Жеке адамдардың кінә-күнәсі үшін жалпы құрылысты, тәртіпті, соның басында отырғандарды айыптады.

Өткен ғасырдың 80 жылдарына қарай ұлы Абай да осылай етті. Көбіне өз тұсындағы ел билеу системасының берекесіздігін, былыққа белшесінен батқан ұлық, болыс-сымақтарды, әкім-пысықтарды, олардың бейшаралық іс-қылығын әшкереледі. Солардың ішіндегі ең уыттысы – «Болыс болдым мінеки» сатирасы. Мұнда лирикалық кейіпкер ақынның әмірімен салған жерден:

Болыс болдым мінеки,
Бар малымды шығындап,

²² Ысмайылұлы Е. Шашкин З. Абайдың поэтикасы // Әдебиет майданы. – №11-12. – 1934. – 97-105-б.

Түйеде қом, атта жал
Қалмады елге тығындап, –

деп үлкен бір дәуір шындығын аңғартып тастайды.

1868 жылғы уақытша ереже бойынша қазақ сахарасын билеу жүйесінің бір буыны – болыстар сайланып қойылатын болды. Бұл билікті, хандықты тұқымнан тұқымға ауыстырып қалдыра беретін бұрынғы тәртіптен гөрі, әлдеқайда прогрессивті, демократиялық әдіс еді. Бірақ, бұл әдіс-тәртіпті даусыз, зиянсыз пайдалана, іске асыра қоярлықтай жағдай қазақ ішінде әлі пісіп-жетіле қойған жоқ болатын. Рушылдық, жікшілдік, бақталастық пен бақай есепшілдік әлі басылмаған сол кезде болыстықты сайлап беру әлгі дерттерді мүлде қоздырып жіберетін еді. Осыны түсінген Абай бұл системаға қарсы болып, болыстарды ұлықтардың тағайындауын ұсынды. Бірақ, бұл орынды ұсыныс ілтифатқа алынбады.

Айтқандай-ақ, болыстарды сайлап қою системасы, ру наразылығы түгіл, ағайынды адамдар арасындағы өшпенділікті күшейтті.

Баққұмарлар бірін-бірі таптап болыстық лауазымға қарай ұмтылды. Малды-жанды, дүниені аямай болыстықты параға жығып алу дерті дендеді. Әлгі төрт жолда осы әдет, осы қасиетсіздік аңғарылған. Байлар мен қу-сұмдардың қалай болыс болатыны әшкереленген. Олар ақыл-ой парасатымен, ел қамын жер ниетімен емес, мал-жанын салып шығындап, арын сатып, жегіштердің көмейін тығындап болыс болып жүр. Сөйтіп, әлгі шумақта паракорлық бір әшкереленсе, жалпы ел билеу системасындағы ақылсыздық екі әшкереленеді.

«Болыс болдым мінеки» деп мақтанғандай, шаттанғандай болған болысымыз артынша-ақ:

Сөйтсе-дағы елімді
Ұстай алмадым мығымдап, –

деп халінің мүшкіл екенін мойындайды. Бұлай болмасқа лаж жоқ. Өйткені, «Алты бақан алауыз» елді ақыл-парасат, әділеттілікпен болмаса, мал-дүниемен «көсем» боп билей алмайсың. Рушылдық, жікшілдік шегіне жеткен сол заманда біреу біреудің мығымдап

ұстауына көне қоймайды. Абай дәуірінің болыстары осылай бар дүниесін шашып бір ақымақ болса, өліп-талып әкім болғанда елін билей алмай екі ақымақ болады. Сөйтіп, дәуір, замана мазағына ұшырайды.

Мұнан кейін ақын болыстар психологиясынан елес береді.

Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шыбындап.
Әлсіздің сөзін салғыртсып
Шала ұтамын қырындап, –

дегізіп олардың адамдық қасиеттен махрұм екендігін, екіжүзділігін мойындатқан. Кедей-кепшіктің тілек-шағымын жүре тыңдап, мінгірлеп мұрынымен жауап беретін «әулиелердің» күштілер алдында құрдай жорғалайтынын, жата қап табанын жалауға дайын тұратынын әдемі образбен айтқан. «Бас изеймін шыбындап» деген үш сөзбен «ләппәй, тақсыр» «күп болады!» деп бас шұлғып, құлдық ұрып тұрған болыстардың бейшара бейнесін елестеткен. Олардың бұл кейпін шыбындап тұратын жылқымен теңестіруі де әрі ащы, әрі әсерлі.

Болыстардың алдындағы адамына қарай бірде күржиіп, бірде мыржиып тұратындығын, хамелеондай құбылмалы келетіндігін:

Жуанды қойып, жуасты
Біраз ғана шеттеймін.
Ояз бардағы қылықты
Ояз жоқта етпеймін, –

деген жолдармен тағы да ашыңқырап, әшкерелей түскен. Мұнда да олардың жуанға тимейтінін, жуасты ғана жүндейтінін аңғартқан. Ұлық алдында жұртқа жаққан жан болып көрініп, ол кеткен соң сыздана қалатын пасықтығын атап көрсеткен. Ақынның үстем тап өкілдерін «жуан», еңбекші адамдарды «жуас» деп атауы да бейнелі. Бұл сын есім сөздердің алдыңғысы барлардың, шүйде майы қатпар-қатпар қалыңдардың, көңілі өсіңкі, деміне нан пісетіндердің кейпін берсе, соңғысы қой аузынан шөп алмайтын момақан жоқ-жұқананың бейнесін дәл елестетеді.

Ұлы ақын ары қарай болыстарға «оңашада оязға мақтамаймын елімді», бірақ қайтып келіп елді «жамандағам жоқ, сырттарыңнан сатқам жоқ деп алдаймын» дегізіп, олардың екіжүзділігін, сұрқиялық әдісін тағы да әшкерелейді: «Оязға сөзім өтімді», ісінді бітіріп беремін деп мақтанатыным да, пара алатыным да бар дейді болыс.

Олардың мұнысы рас. Болыстар билікке жетудегі шығынын, ұлықтарға бергенін ептеп елден өндіріп алып отырады. Бұл ретте тышқан аулаған кәрі бүркіттей ұсақтық та жасайды. «Кәкур-шүкір, көр-жерді пайда көріп ептеймін» деуі – осының айғағы. Бірақ «Арамзаның күйрығы бір-ақ тұтам» дегендей, болыстардың өтірігі шығады, арты ашылып қалады. Бос мақтан, екіжүзділігіне көзі жеткен ақыры ел анталап кеп олардың жағасынан алады. Ішкен-жегенін желкесінен шығарып, қайта құстырып, өткенін өндіріп алып жатады. Сондықтан да болыс: «Өз малым деп қойған мал иесіне берілді», – деп жылайды.

Сонша дауласып, жаманатты болып жүріп билікке қолы жеткен болыстардың көрген күні құрсын.

Күн батқанша шабамын,
Өрлі-берлі далпылдап.
Етек кеткен жайылып,
Ат көтіне жалпылдап, –

деуіне қарағанда, олар жүрген бір итаршы. Осы жолдардан-ақ болыс-екемдердің тірлік-сыңайы аңғарылады. Ана ауылдан ана ауылға аласұрып бір тынбайды. Күн батқанша тепендеп қонышы ақ жұлық болып, тақымы тесіледі. Олардың осы тірлігін ақын әлгі шумақта шынайы суреттеген. Әсіресе соңғы екі жолды оқығанда шапанының етегі ат сауырын жауып сүмендетіп ұрып бара жатқан болыс көз алдына келеді. «Далпылдап», «жалпылдап» деген екі сөз бар ұнамсыз қимыл-әрекетті жинақтап тұрғандай. Оларда ащы мысқыл, келеке-кекесіннің отты нұры бар.

Сықақтың ақырында болыс көрген-білгенім, істеп жүргенім осы, осыдан кейін «ұят-намыс, қалды ма ар?» деп елге-жұртқа қарайды. Бұл сұрауды ол өз еркімен қойып отырған жоқ, ақын

зорлап қойғызып отыр. Мұнымен енді қай бетіңмен болыс болып жүре бермексің дегенді айтпақ, болыс атаулының ар-намыстан жұрдай болғанын аңғартпақ.

Болыс өз сөзінің ақырында: «Қолдан келмес қорлыққа неге болдым мұнша іңкәр?» – деп өкінеді. «Басым сотқа айналар», «Көрмей тұрып құсамын, темір көзді сарайды» деп қорқады. Жан пида етіп жүріп зорға жеткен болыстардың бұлай деп өкінуі, қорқуы мүмкін емес. Мұны ақынның қолыңнан келмейтін болыстыққа неге әуес болдың? Іс-қылығың өз басыңды жұтады, түрмеге апарып тығады деп болыстарға ұрысуы, оларды қорқытып, үркітіп жөнге шақыруы деп түсінуіміз керек.

Өткен ғасырдың 80-90 жылдарындағы, яғни Абай дәуіріндегі қазақ елін билеген «данышпандардың» сиқы ақын суреттеуінде, міне, осындай. Оларды көріп жаныңнан түңілесің. Солардың өзінен ғана емес, сондай «сабаздарды» тауып алып, ел билетіп қойған патша өкіметінен түңілесің.

Абайдың сөз болып отырған бұл өлеңінің өзіндік жазылу ерекшеліктері де бар. Ең алдымен, ол болыстың өз атынан айтылған, соның монологі түрінде берілген. Осы әдіспен ақын болыстардың өзін-өзіне әшкерелеткен.

Кейіпкерге сөз беріп, өзін-өзіне әшкерелету – қазақ әдебиетінде бұрыннан-ақ бар тәсіл. Алысқа ұзамай-ақ, Дулат Бабатайұлының «Сөзім бар да, көзім жоқ»²³ деген өлеңін алып, үңіле оқып көрейікші! Сонда қазақ ішіндегі әр түрлі адамдардың, әр түрлі кейіпкерлердің өз мінін, өз дертін өздеріне айтқызып отырғанын айқын аңғаруға болады.

Би мен бекті жақтадым,
Бай, мырзаны мақтадым.
Бәйбішенің мойнына
Жырдан алқа таққаным –

дегенде ол өзін айтып отырған жоқ, Абай сынайтын кәдімгі «қайыр тілеп жұртты шарлаған, әркімге мақтау өлең арнаған, қобыз бен домбыра алып сарнаған» ақындарды айтып отыр. Өлгі

²³ Мұқанов С. Жарқын жұлдыздар. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 1964. – 338-343-б.

пікірді соларға айтқызып отыр. Дулаттың өзінің би, бек, бай, мырзаларды мақтап, жақтап жарытқаны белгілі.

Мүмкін, бұл жолдарды ақын өзі туралы айтқан деп таласушы болар. Ал:

Өсек болды баққаным,
Момынға құрған қақпаным, –

дегенді де өзі туралы айтып отыр ма? Ол үнемі өсек бағып, қараға қастық ойлап, қақпан құрып жүрсе, бұқара үшін мәні зор әдеби дүниелерді неге туғызған?

Қылмыстыны қызықтап,
Маңдайынан сипадым,
Қабағынан қақпадым, –

дегенді де өзі туралы айтып отырса, қылмысты қылықтарды әшкерелеген ащы сатираны өзі неге айтқан? «Қылмыстыны қызықтап, маңдайынан қақпағаны» қалай, олардың бет-пердесін сыпыра әшкерелегені қалай?

Біздіңше, мұнда ақын қазақ ішіндегі белгілі бір топқа, қылмыс-құмарлардың қолтығына су бүркіп, айдап сап қойып отырғандарға тән мінезді көрсетіп отыр. Оны солардың өзіне мойындатып, айтқызып отыр.

Біреудің отын үрледім,
Өз отымды жақпадым.
Ырылдасып әркіммен,
Не қапқыздым, не қаптым, –

дегенде де қазаққа тән ала ауыздықты, жікшілдікті, бірде жығып, бірде жығылып жатқан бақталастықты лирикалық кейіпкердің аузына салып айтқызған. Осындайдан оңбай жүрміз дегізген.

Бойдағы мінді санасам,
Тау тасынан аз емес.
Жүрегімді байқасам,
Инедейін таза емес, –

дегенде мінім шашымнан көп, жүрегім қара араммын деп Абай өзін айтып отыр ма?

Ақыл менен білімнен
Әбден үміт үзіпін.
Айла менен амалды
Меруерттей тізіпін.
Жалмауыздай жалаңдап,
Ар, ұяттан күсіпін,
Құлық пенен сұмдыққа
Құладындай ұшыппын, –

деп отырған да Абайдың өзі ме? Жоқ, бұлай деп отырған – ақынның лирикалық кейіпкері, ел ішіндегі әлгідей дерттің иелері. Олар өз мінін өздері баяндап отыр.

Демек, сыналатын кейіпкердің өзін сөйлетіп, өзін-өзіне әшкерелету тәсілін Абай тұңғыш рет және бір-ақ рет қолданбаған. Бұл ретте ол Дулат дәстүрін дамытушы, кемеліне келтіруші болған.

Ұлы ақынның «Болыс болдым мінеки» сатирасының екінші жазылу ерекшелігі – оның бас жағында болысты «үйттім», «бүйттім» дегізіп өзін-өзіне дүрелетіп алады да, соңында елдегі жалпы жағдайды сыпаттатады. Бұл тұста болыс:

Бұрынғыдай дәурен жоқ,
Ұлық жолы тарайды.
Өтірік берген қағаздың
Алды-артына қарайды, –

деп өз ісі емес, ел ішінің ісі, үшінші жақтың ісі етіп баяндауға ауысады. «Олай болды», «былай болды» тұрғысынан сөйлейді.

Абай болыстар туралы, өз кезінің билеу системасы туралы осы өлеңіндегі сын-сықағын «Күлембайға», «Мәз болады болысын» атты өлеңдерінде дамыта түседі. Бұларда ақын өз атынан сөйлейді. Алдыңғы өлеңде: «Ел билеген адам жоқ ата менен бабаңда», – деп Күлембайдың тегін кекетеді. Тұқымың өмірі ел сұраған жоқ еді, сен қалай болыс болып жүрсің? деп өзін келекелейді. «Болыстықтан пайда ғып, шығыныңды алсаң жаман

ба?» дейді де, «Оған келе де бермес шамаң да», – деп ақымақ қылады. Қолыңнан түк келмейтін бишарасың ғой деп ашық айтады.

Бұл өлеңде болыстардың жалтақтығы да, қорқақтығы да ажуаланған. «Атшабар келсе қышқырып, орнынан тұра шабасың, айдаһардай ысқырып ояз келсе, қайтер ең?» деген сұрауда осы ажуа жатыр. Онда бұтыңа т...п қояр ең деген емеуірін айтпаса да түсінікті. Күлембайдың тағы бір трагедиясы – үйінде күштімсіп, мықтымсып отырады, ал күштілер түшкіріп жіберсе, ұшып кетеді. Бұл – моральдық, білімдік әлсіздік, болыстықта мықты негіздің жоқтығы.

Абай бұл сатирасында да өзінен бұрынғы әдеби дәстүр көріністерін мол пайдаланған. Оны көптеген ауыз әдебиеті туындыларының үлгісімен «уағалайкумсәләм» деп бастаған. «Болыс, мал-жан аман ба?» деп екі адамның кездесуі, бір-біріне қарата сөйлеп, жөн-жай сұрасуы түрін қолданған. Өзінің алдындағы ақындар дәстүрімен Күлембайдың бишаралығын оның тегінен іздеген. Алдыңғы буын-ағалардың ой-пікіріне де еліктеген. Егер Дулат:

Майырдың алса бұйрығын,
Борбайға қысып құйрығын
Ел пысығы жортады,²⁴ –

десе, Абай:

Орнынан тұра шабасың
Атшабар келсе қышқырып,

дейді. Мұнда пікір – бір. Тек Дулат «Ол сөйтеді» деп айтса, Абай «Сен сүйтесің» деп айтады. Өлеңге бірінші ақында «борбайға құйрықты қысу», «ел пысығы» деген сөздер уыт беріп тұрса, екінші ақында «қышқырып» деген сөз беріп тұр. Бұл сөзден «Тырнадан қарауыл қойсаң, басыңнан қиқу кетпес» дегендей, шақылдап ел мазасын алып жүрген атшабар бейнесі елестейді.

²⁴ Үш ғасыр жырлайды, 100-б.

Ақынның оязды ысқырған айдаһарға тенеуінде де сыр бар. Мұнымен оның қаталдығын, мейірімсіздігін, қазақ қауымының желкесіне мінген пәле екенін білдірмек.

Абай «Мәз болады болысың» өлеңінде де болыстардың сазайын берген. Отаршыл ұлықтардың шен тағып, шекпен жапқанына, «Жарайсың», «бәрекелді» деп арқаға қаққанына олардың мәз болып, босқа мақтанып, ақымақтанып жүргенін өлтіре сықақтаған. Ақын мұнда да болыстарға тура қарап, көңіліндегісін бүкпей айтады. Ар-ұяттарыңды сатқаннан оқалы тон тола ма, шен, оқа сияқты жылтырауыққа алданатын сендер баласыңдар ма? деп өңменнен өтер орынды сұрақ қояды. Олардың болыс болғанға жас баладай қуанатынына, қой сойып той қылатынына таң қалады.

Көзі барлар ойының
Күлер көтін апқанға.
Хасиетін бойының
Бекер төгіп шапқанға,²⁵ –

деген шумақпен бұған мен ғана таңқалмаймын, мен ғана күлмеймін, есі дұрыс, көңіл көзі бардың бәрі күледі дейді. Болыстардың әлгі қылығын қасиетті кетіру, арды төгу деп біледі.

Ақын болыстардың осы психологиясын сынап-мінеп келеді де, өлеңнің екінші жартысын дидактикаға, ақыл-кеңеске айналдырады. «Миың болса жолама, бос желігіп шапқанға» деп болыс болма, болыс болмау – жамандықтан қашу, болыс болу, шен, шекпен алу – ар, абыройдан айырылу дегенді айтады. Болыс болып болдым деу, толдым деу қате, өйтіп толғанға тосқан бар дейді. Ақын ақылы – одан да ғылым іздеп, білім ал!

Абайдың сатиралық өлеңдерінің енді бір тобы жеке адамдардың ұнамсыз мінез-қылығын мінеп-шенеуге арналған. Олардың шартты түрде жазылғандарында кей жігіттердің, жастардың жеке басының міні, теріс жүріс-жорығы әшкереленеді. Ұнамсыз да ұсқынсыз кейпі жасалады. Егер ақын жоғарыда талданған

²⁵ Кенжебаев Б. Қазақ реалистік әдебиетінің негізін салушы. Кітапта: Абайдың өмірі мен творчествосы. – Алматы, 1954.

саяси сатиралық өлеңдерінде сын объектісінің кім екенін олардың іс-қылығымен аңғартса, мораль, этика тақырыбына жазған сықақтарында сатиралық образды психологиялық детальдармен жасайды. Кейбір жастардың мақтаншақтығын, кеселді іске үйірлігін, шаруаға олақтығын, қияли қыдырымпаздығын әшкерелейтін «Адасқанның алды – жөн, арты – сокпақ»²⁶ өлеңіндегі:

Керегеге сабауды шаншып қойып
Бөрікін іліп қарайды жалтақ-жалтақ, –

деген жолдардың біріншісінде есерсоқтың кісі күлерлік кимыл-қылығы көрсетілсе, екіншісінде психологиялық деталь бар. Ақ бөрікін ақ сабауға іліп қойып, оған сұқтана қарап, мәз болу адамның санасын, психологиясын аңғартады.

Бет-аузын сөз сөйлерде жүз құбыттып,
Қас кермек, мойын бұрмақ, қоразданбақ, –

деген жолдарда психологиялық деталь айқынырақ берілген. Бет-әлпетті тыржындатып, қас керу сияқты мимикалық, психологиялық детальмен кейбіреулердің кім екені аңғарылған.

Ақын бірсыпыра сықақ өлеңдерін басқа түр-формада жазған. Оның «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман», «Антпенен тарқайды», «Бойы бұлған» өлеңдері – сатиралық шолулар. Осындағы бірінші аталған өлеңде қазақ тұрмысындағы көп дерттерді аңғартады: «Алам, алам» деп аузын ашып тұрғандарды мұрнынан тізіп, сыпыра әшкерелеп шығады. Өз тұсындағы кеудесінде жаны бардың бәрінің біреуден алсам деп жүткініп тұратын мінезін, «берем» деген жан жоқ екенін күйіне сынайды.

Кім қайтіп алады? Бай кейін көп берем деп алады, би мен болыс біреуден кегінді ап берем деп алады. Елубасы шар салып леп берем деп алады; жалаңқай жау бермесең, жек көрем деп алады; досың бермесең, сырт берем деп алады. Әйтеуір:

Терін сатпай, телміріп көзін сатып,
Теп -тегіс жұрттың бәрі болды аларман, –

²⁶ Бұл да сонда, 430-б.

дейді ақын. Сөйтіп, бала атаны, іні ағаны алдауға тырысқан заман болды бұл деп кейіді. Өлең аяғында ақын барлық дертке мынадай қарғыс айтады:

Ант ішіп күнде берген жаны құрсын,
Арын сатып тіленген малы құрсын.
Қысқа күнде қырық жерге қойма қойып,
Қу тілмен қулық сауған заңы құрсын.
Бір атқа жүз құбылған, жүзі күйгір
Өз үйінде шертиген паңы құрсын²⁷

«Антпенен тарқайды» өлеңінде де Абай ел ішін жайлаған індет-дерттерге шолу жасайды. «Ор қазып байқайды туа жау емеске» деп қазақтағы өзара қастықты, пәлеқорлықты, «Пысықтар шалқайды таласып теңдеске» деп бақталастықты әшкерелейді, «Таласып тарқайды», «Бірлікті шайқайды», – деу де ақынның елге қойған үлкен міні, жұртқа айтқан үлкен сыны. Бірлік жоқ, ала ауыздық көп дегені. Бұл өлеңде ақын жегіштікті де, өсімқорлықты да сынаған.

Абайдың сықақ өлеңдерінің ішінде сатиралық миниатюра да бар. Оның Көкбайға арнаған:

Бұралып тұрып,
Буыны құрып,
Қисайта тартып мұрынын;
Әсемсіп, сәнсіп,
Білгенсіп, бәлсіп,
Өр нәрсенің орынын.
Керенау кердең, бір керім
Жақпайды маған сол жерің²⁸. –

деген өлеңі – сатиралық миниатюра. Онда Көкбайдың басындағы бір міні ғана, бәлсініп тұратын керенаулығы ғана сықақ етілген. Өлең тастан ойғандай жұмыр, қысқа. Сөйтсе де онда объектінің әлгі міні жеріне жеткізе әшкереленіп болған.

Абай сатирасының үшінші саласы – мысалдары. Рас, оның дені аударма. Бірақ, оларды өз мүлкіміздей көруге ақымыз бар.

²⁷ Бұл да сонда, 76-б.

²⁸ Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I том. – Алматы, 1957. – 76-б.

Өйткені, біріншіден, тұрақты жол өлшемі, шумағы жоқ, ауызекі сөйленген қара сөз сияқты болып келетін Крылов мысалдары үлкен творчестволық шабытпен өлең етіліп, сахара тіршілігіне лайықталып аударылған. Қазақ өмір-тұрмысына сай емес образдар, есімдер халқымызға тән бейнелермен ауыстырылған.

Осы пікірімізді дәлелдеу үшін, Крылов мысалдарының оригиналын Абай аудармасымен салыстырып зерттеу міндетіміз болмаса да, бірер мысал келтірейік. Орыс мысалшысының «Крестьянин в беде» мысалында ұры кедей-шаруа үйін тонаса, Абай аудармасында байдың үйін тонайды. Өйткені, қазақ өмірінде ұрлық байға жасалады, барға жасалады. Абай осы тұрмыс шындығын айтпай, Крылов ізімен кетсе, қазақ жұрты «ол сорлының несін тонады екен?» деп күлер еді, сенімсіздік білдірер еді.

И.А. Крылов тоналған сорлыға құда-қоңсы, жекжат-жұраттары пысықсып құрғақ қу сөзбен ақылгөйсіді де, іспен көмектеспеді десе, Абай: «Бөз орнына сөз беріп, құда, тамыр, дос кетті», – дейді. Яғни, орыс классигі мұндайда сөзбен емес, іспен көмектес десе, қазақ классигі сөзбен емес, бөзбен, қолға ұстап, көзбен көретін нәрсемен көмектес дегенді айтады. Сол сияқты Крыловта: басыңа іс түсіп, көмек сұрай қалсаң, ең жақсы досың да мақау-мылқау бола қалады. Ал Абай бұл пікірді мұндайда олардан күштен аларың «бишара» менен «байқұс» қой деп қазақ әдетіне жақындата түседі. «Байқұс-ай, ә», – деп аяғаннан басқа берері жоқ екенін айтады.

И.А. Крыловтың «Дуб и трость» мысалында еменнің шілікке мақтанып «Кавказға иық теңеп асқақ тұрмын» дейтіні бар. Абай осыны: «Тау, жартасқа ұзарып бой теңестім» – деп аударған. Қазақ даласында Кавказ жоқ, сондықтан ақын оны мұнда бар нәрсемен, жұрттың өзі білетін нәрсемен ауыстырған.

Осы сияқты ұлы мысалшының «Лягушка и вол» мысалында бақа өгізбен жазық көк майсада кездеседі. Ал Абайда бұлақ басында, өгіз су ішуге келгенде кездеседі. Ақын бұл сәтті

Су ішкелі бір өгіз
Барып еді бұлаққа,
Бақалар қорқып, тарбақтап
Қашып шықты әр жаққа²⁹,

²⁹ 1961 жылғы жинақ, 407-б

деп өзінше баяндаған. Табиғи заңдылыққа өте жақындата түскен. Сол сияқты «Стрекоза и муравей» мысалын аударғанда инелікті шегірткемен ауыстырған. Мұның себебін М. Әуезов: «Абай қазақтың фольклорында, жайшылық ұғымында инеліктің араласатын орны аз болғандықтан, оны әдейі оқушының ұғымына жақынырақ, қонымдырақ етіп алған тәрізді»,³⁰ – деп түсіндіреді.

Міне, осындай творчестволық ізденістің нәтижесінде ақынның И.А. Крыловтан аударған «Емен мен шілік», «Қазаға ұрынған қара шекпен», «Жарлы бай», «Есек пен бұлбұл», «Қарға мен бүркіт», «Шегіртке мен құмырсқа», «Әншілер», «Ала қойлар», «Қарға мен түлкі», «Бақа мен өгіз», «Піл мен канден» мысалдарын халқымыз өзінің төл туындысындай тұщына оқиды. Жылы қабылдап, жаттап ап, өз ара айта жүреді.

Екіншіден, бұл мысалдарда келемеж етілген міндер мен сыналған кемшіліктер біздің қазақ қауымына да тән дерттер. Шегірткедей қамсыз, бақадай ақымақ, түлкідей сұм, есектей парықсыз, қарғадай әлін білмес әлек қазақ аспаны астында да жеткілікті еді. Мысалдарды оқығанда, көп адамдар өзін көріп, өз психологиясын танып отырады.

Абай ой-пікірді мысалдап, тәмсілдеп айтуға жалпы бейім болған. Мысалы, оның:

Күшік асырап, ит еттім,
Ол балтырымды қанағтты.
Біреуге мылтық үйреттім,
Ол мерген болды, мені атты³¹, –

дегенінде астарлы ой бар. Гуманист ақын жұртқа қолынан келген жақсылығын аямаған. Көп адамға достық еткен, оларды баулып, тәрбиелеп адам еткен. Бірақ соның көбі Абай қадірін білмеген. Достығына қастық, жақсылығына жамандық қылған. Ақын әлгі жолдарда мысалдап, астарлап осы жайды айтып отыр. Өз налысын жұмбақтап ануартып отыр.

Ақынның бұл өлеңі, жоғарыда аталған «Ғабидоллағасы» нағыз мысал болмағанмен де, жанр элементтерінен құр емес.

³⁰ Қазақ әдебиетінің тарихы. II том. 1-кітап, 465-б.

³¹ 1961 жылғы жинақ, 283-б.

Ал, оның «Есек» дегені – нағыз мысал. Бұл мысал туралы айтарымызды ғалым Х. Бекхожин жолдастың мына пікірінен басталық: «Абайдың «Есек» деген памфлет өлеңін – Салтыков-Щедриннің «Бір мұжықтың екі генералды қалай асырағаны туралы хикая» деген шығармасымен салыстырсақ, бұл екі халықтың ұлы жазушыларының арасында идеялық байланыс болғанын көреміз. Абай өзінің бұл шығармасында адамшылық ардан безіп, тек баюды ғана көздейтін адамдарды келеке етеді. Щедрин сипаттаған генералдар сияқты еңбекші халықтың еңбегін қанау арқылы дәурен сүріп отырған байларды масқара етеді³².

Біздіңше, бұл орынсыз аналогия, жөнсіз ұқсату. Рас, орыс сатиригі әлгі аталған ертегісінде Россияны асырап отырған қарапайым еңбекші ел екенін, солардың күшімен, еңбекке бейім қабілетімен патшалық қоғамның өмір сүріп отырғанын паш етті. Сол еңбекші ел болмаса, үстем тап өкілдерінің күн көре алмайтынын, аштан өліп қалатынын, олардың арамтамақ, нансоғар, халық қанын сорып жатқан сона екенін аяусыз әшкереледі.

Мысалдың сюжетіне жүгінейік. Мал айдап, сауда қылып жүргендердің керуені елге қайтады.

Алтын артқан бір есек
Соларменен келеді.
Ол жай жүрсе, жұрт та жай,
Ол желсе, жұрт желеді.

Саудагер байдың бәрі соның маңынан кетпейді.

Ортаға алып әлгіні
Бәрі бірдей сыйлайды.
Бірі сүйіп құлақтан,
Бірі жүнін сипайды.

Тіпті, есекті еркелетіп «Жаппарқұл мырза» деп атайды. Елге келген соң байлар есектен алтынды түсіріп алады. Бұдан кейін оның ешкімге керегі болмай қалады. Жаппарқұл мырза аты жойылып, боқ тасуға жегіледі.

³² Бекхожин Х. Қазақ баспасөзінің даму жолдары. – Алматы, 1964. – 21-б.

Демек, автор кісіні дүниесіне, мал-мүлкіне қарап қадірлейтін, қолында барда парқыңды біліп, дәулетің бітсе, алтынды түсіріп алғаннан кейінгі есектей қадірсіз ететін үстем тап өкілдерін келеке еткен. Адамды мал-дәулетіне, байлығына қарап бағалайтын сол қоғамды, сол ортаны әшкерелеген. Малды-жанды, дәулет-мүлікті болса, ит те, есек те мырза атанады деген пікірді айтқан. Ақын осы идеясын мысал соңындағы:

Жұрт ергені соңыңа
Үстіндегі алтын ғой, –

деген екі жолда да аңғартып кеткен.

Сонымен бірге, Абай кейбір надандардың дүниесімен қадірлі болып, есепке алынып жүргенін білмей, «артық, өзгеше туғанмын, сондықтан сыйлымын» деп түсінетін бишаралығын келекелеуді мақсат еткен. Бұл ниет ақынның байлар қошеметін көп көрген.

Есер піркін есіріп,
Болып алды тым таңдық,-

деген жолдарынан бір көрінсе,

Алтын үсте жүргенде
Сол қадірмен кеп жүрген.
Өз ойында көк есек
Өзгеше тудым деп жүрген, –

деген шумағынан екі көрінеді.

Мысал шебер жазылған. Оған қазақ тұрмысына, жалпы Шығыс елдеріне тән сюжет берілген. Айтылар идеяға қарай персонаж да табылып алынған. Малымен, байлығымен еленіп, мырза атанып жүрген парасатсыз дәнгеселер де бір, есек те бір.

Абайдабұдан басқа мысал жоқ. Мұның себебін М. Әуезов былай түсіндіреді: «Крылов мысалдарын жақсы көріп аударғанмен, Абай сол Крылов үлгісінде мысал жазбайды. Себебі... жаманшылықтың жайын жалтартып айтпай, Добролюбов үгіттеген жол бойынша, ызалы шабытпен, тура шабуылмен айту керек деп ұғынады.

Сондықтан өз бойындағы ажуа мен сатираға толып келген ызалы, толқынды ойларын Абай мысалсыз-ақ ашық, анық өлеңдермен шығарады»³³.

Сатира, юмор элементтері Абайдың басқа да шығармаларынан көп кездеседі. Мысалы, ол «Көзінен басқа ойы жоқ» өлеңінде молдаларды ондырмаған.

Кітапты молда теріс оқыр,
Дағарадай боп сәлдесі.
Малқұмар көңлі бек соқыр,
Бүркіттен кем бе жем жесі³⁴, –

деген шумақта молдамын деп жүргендердің көбінің дүмшелігін, құранның оң, терісін ажырата алмайтындығын дәл айтқан. «Мал», «Мал» деп өліп жүретін олардың көңіл көзінің надан, соқыр екені де рас. Қарапайым елді тонауда бүркіттен жыртқыш. Сол ортада ақын осы шындықты батыл да қатты әшкерелеген.

Абайдың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Байлар жүр жиған малын қорғалатып», «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да», «Сабырсыз, арсыз еріншек», «Менсінбеуші ем наданды», «Қайғы шығар ілімнен», «Қарашада өмір тұр», «Бойы бұлған» деген өлеңдерінде де ел ішінің бұзылуы, ондағы жікшілдік, баққұмарлық, көреалмаушылық, алауыздық, өтірікшілдік, өсекшілдік, пайда іздеу, ұрлық қылу, сұмдық-сұрқиялық істеу сияқты дендеген дерттерге қарғыс таңбасы басылған.

Барымта мен партия –
Бәрі мастық, жұрт құмар
Сыпыра елірме, сұрқия
Көп пианшік нені ұғар³⁵, –

деген шумақта ақын кейісі, ақын ашу-ызасы сыртқа теуіп тұрғаны хақ.

³³ Қазақ әдебиетінің тарихы. II том. I-кітап, 466-б.

³⁴ 1961 жылғы жинақ, 283-б.

³⁵ Бұлда сонда 190-191 б.

Сатира, юмор элементтері Абайдың қарасөздерінде де көп кездеседі. Әрине, ақын прозалық бұл туындыларын дерттерді сынап-мінеу ниетімен емес, өсиет-өнеге айтып, ақыл-кеңес беру ниетімен жазған. Бірақ, сол ағалық ақыл-тілегін айту үшін алдымен теріс іс, мінез-қылықты шенеп-шенеп алады да, негізгі тілек ниетін сонан соң айтады. Мысалы, Алтыншы сөзінде ақын еңбек қылудан қашып, еріншек атанып, ез атанып жүруді тірлік деп білме! Ондай тірлік итте де бар. Сыртың пасық, ішің нас, артын ойлап ұялмас болып жүріп тірімін деме, онан да алла жіберген ақ бұйрықты өлімнің өзі артық дейді. Міне, осында Абай, бір жағынан, кеселді жалқау, қылжақбастарды, әзір тамақ, әзір ас иелерін қатаң сынға алған, екінші жағынан, еңбек ет, арлы бол, ұятты бол деген өсиет-өнегесін айтқан.

Абай басқа қара сөздерінде де әлеуметтік дерттерге құрғақ кейіс білдіріп, қатал сын айтып ғана қоймайды, оған қоса ақыл, кеңес, өсиет-өнеге айта отырады. Бір жайларды сынай отырып, оқушысына қарай сөйлеп, сұрау қойып, олармен әңгімелесе, пікірлесе жазады. Оқушысын ойландырып, дерттің неден екендігіне, зияндылығына үңілдіре отырады. Сондықтан да Абайдың қара сөздеріндегі мұндай айшық-өрнектерді дидактикалық сатира көрінісі деп тануымыз жөн.

«Мыңмен жалғыз алысып» шаршаған ақын жоғарыда аталған содыр-сойқандықтарды ашып, әшкерелеп отырғанда:

Бір кісі емес жазғаным, жалпақ жұрт қой,
Шамданбай-ақ, пырақтар, ұқсаң жарар, –

деп елдегі кінәмшіл, басбілмес жастарды ренжімеуге, кінәламауға шақырады. Жалпы елге тән, ортақ дерттерді нысанаға алдым деген болып, «қызым, саған айтам, келінім, сен тыңда!» әдісін қолданады.

Н.Г. Чернышевскийдің айтуынша, сатира, юморға, біріншіден, жақсылықтың, әдеміліктің қадірін білетін, кісілігі, қайырымы мол, ақыл-парасатына сенетін, екіншіден, өз парқын, өз қасиетін түсіне отырып, өз бойындағы мінін де көре алатын, соған күле білетін, үшіншіден, жалпы кемшілік пен кесір-кесапатты

анғарғыш, оған төзбес, ашуланбай, ызаланбай тұра алмас адамдар ғана бейім болады.³⁶

Қазақтың ұлы Абайы да осындай жандардың бірі еді. Сондықтан да ол өз дәуірінің қатал сыншысы, елдегі сорақылықтардың бітіспес міншісі болды. Ол жалпы әдебиетті ғана емес, оның сатира, юмор саласын да жаңа белеске көтерді. Бұрынғы жыр, толғау, дидактикалық өлең, шешендік сөз түрінде ғана келетін сатира-юморды жаңа түр, жаңа мазмұн, жаңа сапамен байытты.

³⁶ Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I том. – Алматы, 1957. – 76-б.

ТҮСІНІКТЕР

1. Марғұлан Ә. Абай қолжазбасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 300-304-беттер; Абай институтының вебсайты.
2. Машанов А. Ұлы ұстаз Абай. Баспасөз бетінде жарияланған: Әл-Фараби және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 71-80-беттер; Абай институтының вебсайты.
3. Сүйіншәлиев Х. Абайдың қарасөздері мен нақылдары. Баспасөз бетінде жарияланған: Қазақ әдебиетінің тарихы: оқулық. – Алматы: Санат, 2006. – 877-887-беттер; Абай институтының вебсайты.
4. Нұршайықов Ә. Шұғылалы шұмақтар. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 344-355-беттер; Абай институтының вебсайты.
5. Әлімбаев М. Абайды қайталап оқығанда. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 244-262-беттер; Абай институтының вебсайты.
6. Қирабаев С. Абай – қазақ әдебиетінің классигі. Баспасөз бетінде жарияланған: Көп томдық шығармалар жинағы. Т.5. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2007. – 194-200-беттер; Абай институтының вебсайты.
7. Ахметов З. Өлең өрнектері. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 205-223-беттер; Абай институтының вебсайты.
8. Қабдолов З. Абайдың ақындығы. Баспасөз бетінде жарияланған: Арна. Зерттеу сып: эссе. – Алматы: Жазушы, 1988. – 9-43-беттер; Абай институтының вебсайты.
9. Кәкішев Т. Абайдың сатирасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 84-90-б. ; Абай институтының вебсайты.
10. Нұрқатов А. Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Шығармалар жинағы. II том. Абайдың ақындық дәстүрі. – Алматы, 2010. – 409-434-беттер; Абай институтының вебсайты.
11. Сахариев Б. Өшпес мұра. Баспасөз бетінде жарияланған: Күрескер тұлғасы: мақалалар мен зерттеулер. – Алматы, 1979. – 222- 229-беттер; Абай институтының вебсайты.
12. Дүйсенбаев Ы. Абайдың поэмалары мен аудармалары. Баспасөз бетінде жарияланған: Ғасырлар сыры. – Алматы, 1970. – 84-137-беттер; Абай институтының вебсайты.
13. Бердібаев Р. Кеменгерлік келбеті. Баспасөз бетінде жарияланған: Замана сазы: зерттеулер мен мақалалар. – Алматы, 1985. – 1985. – 216-226-беттер; Абай институтының вебсайты.
14. Қожакеев Т. Абай – сатирик. Баспасөз бетінде жарияланған: Таңдамалы шығармалар. Көптомдық. IV том. – Алматы: ҚАЗАҚПАРАТ, 2007. – 3-29-беттер; Абай институтының вебсайты.

15. Сәтбаева Ш. Абай және Еуропа халықтары әдебиеті. Баспасөз бетінде жарияланған: Бес томдық шығармалар жинағы. I том. – Астана: Елорда, 2007. – 89-110-беттер; Абай институтының вебсайты.
16. Базарбаев М. Абайдың жаңашылдығы. Баспасөз бетінде жарияланған: Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. – Алматы: Жазушы, 1973; Абай институтының вебсайты.
17. Дербісәлин Ө. Қазақ поэмасының тарихынан. Баспасөз бетінде жарияланған: Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері: мақалалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1976 – 114-153 беттер; Абай институтының вебсайты.
18. Хасенов М. Абай шығармаларындағы сын. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың өмірі мен творчествосы: мақалалар жинағы / ред басқ.: М. Ақынжанов, З. Ахметов. – Алма-Ата: ҚазССР ҒА, 1954. – 132-142-беттер; Абай институтының вебсайты.
19. Талжанов С. Абай Құнанбаев. Баспасөз бетінде жарияланған: Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері. – Алматы, 1975. – 195-217-беттер; Абай институтының вебсайты.
20. Әбдірахманов Т. Мәңгі жас мұра. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 364-372-беттер; Абай институтының вебсайты.

МАЗМҰНЫ

Марғұлан Ө. Абай қолжазбасы	3
Машанов А. Ұлы ұстаз Абай	8
Сүйіншәлиев Х. Абайдың қарасөздері мен нақылдары.....	19
Нұршайықов Ө. Шұғылалы шумақтар	33
Әлімбаев М. Абайды қайталап оқығанда	46
Қирабаев С. Абай – қазақ әдебиетінің классигі	65
Ахметов З. Өлең өрнектері	72
Қабдолов З. Абайдың ақындығы	81
Кәкішев Т. Абайдың сатирасы	101
Нұрқатов А. Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы.....	109
Сахариєв Б. Өшпес мұра	129
Дүйсенбаев Ы. Абайдың поэмалары мен аудармалары	137
Бердібаев Р. Кемеңгерлік келбеті.....	154
Қожакеєв Т. Абай – сатирик	167
Сәтбаєва Ш. Абай және Еуропа халықтары әдебиеті.....	188
Базарбаев М. Абайдың жаңашылдығы.....	211
Дербісәлин Ө. Қазақ поэмасының тарихынан.....	221
Хасенов М. Абай шығармаларындағы сын.....	235
Талжанов С. Абай Құнанбаев	247
Әбдірахманов Т. Мәңгі жас мұра	261
Түсініктер	269

Оқу басылымы

АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР
ІІІ том
Ойлар мен толғаныстар

Құрастырып, түсініктерін жазғандар:
П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *К. Мухадиева*
Компьютерде беттеген *Ү. Өбдіқайымова*
Мұқабасын безендірген *Қ. Өмірбекова*

ИБ.№8757

Басуға 09.12.15 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 17,0 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №1508.
Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.